

• АҚОРДА

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ЖОҒАРЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) кезекті отырысына бейнебайланыс режимінде қатысты.

Саммитке Қазақстан Президентінен басқа Қырғыз Республикасының Президенті – ЖЕЭК төрағасы Садыр Жапаров, Арменияның Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Владимир Путин, Еуразиялық экономикалық одақ жанындағы бақылаушы мемлекеттердің басшылары: Куба Президенті Мигель Диас-Канель және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Михаил Мясникович қатысты.

Қазақстан Президенті өз сөзінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жаһандық және аймақтық сын-қатерлер жағдайында өзара күш біріктіре отырып, әлеуметтік-экономикалық кедергілерді сәтті еңсеретінін, макроэкономикалық тұрақтылық пен өсім қарқынын қамтамасыз ететінін атап өтті.

– Одақтың жұмысы басталған уақыттан бері Қазақстанның өзара сауда-саттық көрсеткіші 33 пайызға, ал экспорты 55 пайызға артты. Қазақстанда 15 мыңнан астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың саны артып келеді. Бұл қуанарлық жәйт. Аталған көрсеткіштер біздің интеграциялық ықпалдастығымыздың табыстылығын көрсетеді. Ортақ күш-жігеріміздің алдағы уақытта да азаматтарымыздың игілігі жолындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың қарқынын дамытуға бағытталғаны маңызды деп санаймын. Мұны жаһандық сын-қатерлер алдындағы біздің «ұжымдық иммунитетімізді» нығайтудың кепілі деп білемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, бүгінде байқалып отырған санкциялық қайшылықтар шын мәнінде бұрын-соңды болмаған.

– Биылғы ақпан айында елордада өткен Еуразиялық үкіметаралық кеңес аясында «еуразиялық бестікке» кіретін елдер экономикасының орнықтылығын қамтамасыз ету үшін Жоғары деңгейдегі Жұмыс тобын құруды ұсындым. Жұмыс тобы құрылды. Жедел шаралар топтамасы әзірленіп, жүзеге асырылып жатыр. Нақты нәтижелер де бар. Бірақ күрделі геосаяси ахуалдың әлі де жалғасатынын есте ұстау қажет. Бұған дайын болуымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев кеңес қатысушыларына қазіргі жағдайлар мен интеграциялық бірігу үдерісіне сай келетін Қазақстанның екі маңызды бастамасын қарастыруды ұсынды.

– Маңызды жобалар мен нақты нәтижелер керек. Бұл үшін

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірлескен жобаларын тезірек аяқтау қажет, сондай-ақ жаңа инвестициялық жобалар ұсыну керек. Аймақтық және жаһандық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ете отырып, бизнес саласындағы ықпалдастықты күшейту, трансқұрлықтық дәліздеріміздің жылдамдығын жетілдіру қажет. Санкцияларды ескере отырып, шетелдік компаниялардың басқа жерге көшуі үшін қолайлы жағдай жасау мәселесіне айрықша назар аударуды ұсынамын. Әлемдік алпауыт елдер де Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің геоэкономикалық орналасу жағынан басымдыққа ие екенін жақсы біледі. Сондықтан 180 миллион тұтынушысы бар нарығымыздың әлеуетін елемеу мүмкін емес. Аталған шараларды 12 айдың ішінде жүзеге асыруды ұсынамын, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы бұл жұмыстарды Жоғары деңгейдегі Жұмыс тобы аясында Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының салалық мүше – министрінің төрағалығымен атқаруға болады деп санайды. Жұмыс тобының аралық баяндамасын осы жылдың желтоқсан айында қарастыру ұсынылды.

– Қазіргідей күрделі кезеңде үшінші елдермен, интеграциялық бірлестіктермен экономикалық ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету мәселесі өзекті болып отыр. Бұл жөнінде былтыр қазан айында өткен Жоғары кеңестің отырысында айттым. Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ органдарына төрағалық еткен кезде осы бағыт басымдық ретінде айқындалды. Өткен жылдың соңында Шанхай ынтымақтастық ұйымымен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Тез арада жұмысты қолға алып, нақты жобалар мен бастамаларды талқылауды бастау керек. Бүгін біз Индонезиямен еркін сауда туралы келісімге келу жөнінде келіссөзді бастаймыз. Үндістанмен келіссөз жүргізіліп жатыр, Моңғолиямен келісім пысықталу сатысында, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, қазіргі жағдайда аталған бағыттың өзектілігі арта түспек. Мемлекет басшысы Комиссия мен Үкіметтерді аталған жұмысты жеделдетуге шақырды.

– Кеше бірінші Еуразиялық экономикалық форум өтті. Онда өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары талқыланды. Еуразиялық интеграцияны одан әрі дамыту жөнінде пікір алмастық. Табысты болған осы екі күнде қол жеткізілген уағдаластықтар мен шешімдер біздің бірігу үдерісімізді одан әрі дамыту аясында жалғасын табатынына сенімдімін, – деп Мемлекет басшысы сөзін түйіндеді.

2022 жылғы 27 мамыр akorda.kz

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНМЕН ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ағымдағы жылдың 5 маусымында жалпыхалықтық референдум өтеді. Бұл саяси оқиға ел тарихында екінші рет орын алмақ. Дәл осы күні Конституциямызға реформа жүргізіліп, Ата Заңның үштен бір бөлігіне, яғни, 33 бап бойынша 56 өзгеріс пен толықтырулар енгізіледі. Бұл бастаманы «Жаңа Қазақстанды» құрудың нақты қадамы деп түсінемін.

Референдум өткізу туралы ел Президентінің арнайы Жарлығынан кейін еліміздің әр өңірінде Ата Заңға ұсынылған өзгерістерді түсіндіру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Біздің Тайынша ауданында да арнайы штаб құрылып, оның құрамында «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы М.Ж.Хамзин, Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы С.М.Бекшенов, ауданның мәслихат депутаттары және әр саланың өкілдері болды. Атап айтқанда, олардың қатарында кәсіпкерлер, білім салаларының өкілдері, қоғамдық кеңестің мүшелері, қоғамдық бірлестіктердің басшылары болды. Олар Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі референдумды қолдау үшін аудан бойынша әр елді мекенді аралап, Конституциялық реформаның маңыздылығын түсіндірді. Жалпы ауданның жұртшылығымен 40 кездесу ұйымдастырылды. Нақты айтар болсақ, 20 елді мекенде ауыл тұрғындарымен, ірі сауда орындарындағы қызметкерлермен, кәсіпорын, денсаулық сақтау, білім беру мекемелерінің өкілдерімен, сонымен қатар ірі компаниялардың жұмысшыларымен, жекеменшік нысандарда еңбек ететін азаматтармен кездесулер өткізіліп, тиянақты түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жұмыс штабының негізгі мақсаты – 18 жастан жоғары Қазақстанның әр азаматы Ата Заңға енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды оқып танысып, еліміздің саяси өміріне немқұрайлық танытпай, азаматтық құқығын пайдаланып, 5 маусым күні референдумға қатысып, өз таңдауын жасауға үндеу.

Жаңартылатын Ата Заңымыз тарихи сананы жаңартудың кепілі деп білемін. Егер халық болып осы бастаманы қолдасақ, еліміздің дамуы жолында жарқын істер атқарылады деген сенімдемін. Өйткені ұсынылған заң жобасында елді елең еткізген өзгерістер мен толықтырулар бар. Ата Заңдағы өзгерістердің ішінде астын сызып тұрып айтатын мәселелердің бірі – Президент өкілеттігіне байланысты шектеу. Енді алдағы уақытта Мемлекет басшысы өз өкілеттілігін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауы керек. Сонымен қатар, оның жақын туыстары саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ. Бұл өте құптарлық шешім деп білеміз.

Тағы бір айтар жаңалық, Парламент пен мәслихат депутаттарының рөлі күшейеді. Одан бөлек адамның құқығы мен талабы бірінші орында тұрады. Осылайша Конституциялық кеңес Конституциялық сот болып өзгертіліп, кез келген азамат өтініш білдіріп, соның көмегіне жүгіне алады.

Жалпы айтқанда, Ата Заңдағы өзгерістер арқылы мемлекетіміздің дамуының жаңа сатысына аяқ басамыз. Ел Президенті ерекше атап айтқандай, әділетті қоғам арқылы Жаңарған Қазақстанды құру ісіне жұмыла кірістік. Алдағы саяси науқан мемлекетіміздің тарихи мүмкіндіктеріне жол көрсетеді деген ойдамын. Сондықтан жарқын болашақ үшін күшіміз бірлікте екенін танытып, әділетті қоғамды қалыптастыру үшін референдумды қолдап, оған дауыс береміз!

Айгүл ӘБДІРАХМАНОВА,
аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ Экспорт»
ЖШС-нің директоры.

• Жемқорлыққа жол жоқ!

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ

2016 жылдан бастап бұрын таратылған тәртіптік кеңестердің орнына Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің алқалы органы өз қызметін жүзеге асыруда.

-Бүгінгі таңда Әдеп жөніндегі кеңестердің міндеті бұзушылықтардың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік теріс қылықтарын қарау болып табылады.

Кеңес мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзушылықтардың профилактикасы бойынша мемлекеттік органдар жұмысының қорытындыларын, мемлекеттік органдардың, тәртіптік комиссиялардың жұмысында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындыларын, сондай-ақ Әдеп жөніндегі уәкілдер қызметінің нәтижелерін қарау құқығы берілген.

Солтүстік Қазақстан облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің хатшылығы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасы болып табылады. Әдеп жөніндегі кеңестің құрамын Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы мен мүшелері құрайды. Мәслихат депутаттары, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, мемлекеттік органдардың басшылары және өзге де адамдар Әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері бола алады. Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы және 7 адамнан кем болмауы тиіс. Оның құрамының тізімі Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ресми сайтында орналастырылған. Әдеп жөніндегі кеңес қызметтік әдеп нормаларын бұзған, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол берген қала әкімдеріне, облыстық маңызы бар қала, облыс аудандары және қалалардағы аудандар әкімдеріне, мемлекеттік органдардың басшылары мен орынбасарларына, сондай-ақ дербес лауазымдағы Әдеп жөніндегі уәкілдерге қатысты тәртіптік істерді қарайды.

Өткен кезеңде Әдеп жөніндегі кеңеспен 7 тәртіптік іс қаралды.

7 бойынша жаза қолдану ұсынылды, оның ішінде - 5 беделін түсіретін теріс қылықтар үшін, - 2 қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін.

Бұл ретте мемлекеттік қызметшілер жіберетін бұзушылықтардың сипаты негізінен - жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтамау.

Қоғамға қарсы, қоғамдық моральға қол сұғумен байланысты әрекеттерге ерекше назар аударылады. Мысалы, алкогольдік сусындар ішу немесе қоғамдық орындарға мас күйінде келу.

Ағымдағы жылдың басынан бері қоғамға жат сипаттағы теріс қылық жасаған 1 мемлекеттік қызметші Әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымы бойынша атқаратын лауазымынан босатылды.

Әдеп жөніндегі кеңес тәртіптік істерден басқа профилактикалық мәселелерді де қарайды. Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу шеңберінде Мамлют ауданының әкімі және СҚО әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасының басшысы тыңдалды.

Сондай-ақ тәртіптік практиканы талдау қорытындылары негізінде тәртіптік комиссиялар қызметінің нәтижелері бойынша 3 мәселе қаралды, бұған қоса облыс, Тайынша және Тимирязев аудандары әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілдерінің қызметі туралы есептер тыңдалды.

Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерімен мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Әдеп кодексі туралы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Бекітілген кестеге сәйкес азаматтарды жеке қабылдау жүргізіледі.

Өздеріңіз білетіндей, Әдеп жөніндегі уәкіл-қызметтік әдептің сақталуын және Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың бұзылуының алдын алуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші. Облыс әкімінің аппаратында Әдеп жөніндегі уәкілдің дербес лауазымы енгізілді. Өздеріне міндеттер жүктелген Әдеп жөніндегі уәкілдердің жалпы санының 10-ы аудандар әкімдерінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарлары және 4 аудан әкімдері аппараттарының басшылары лауазымдарын атқарады. Департамент бастамашылықпен әзірледі және тоқсан сайынғы негізде қызметін бағалауды (рейтинг) жүргізеді, оның қорытындысы бойынша Әдеп жөніндегі уәкілдердің жұмысы талданады. Рейтингті жүргізу Әдеп жөніндегі уәкілдердің арасында белгілі бір уәждеме, жарыспалылық береді және олардың қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Әдеп жөніндегі уәкілдер мемлекеттік қызметшілердің қайта өңделуін болдырмау мәселелеріне жәрдемдеседі, ұжымдардағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйіне, сондай-ақ қызметтік автокөлікті қызметтен тыс мақсаттарда пайдалануға мониторинг жүргізеді.

Мен өзім Әдеп жөніндегі уәкіл болып табылатынымды атап өткім келеді, ағымдағы жылдың 22 ақпанында Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді, ол қызметтік әдеп стандарттарын белгілейді және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін негіз болады.

Кодекс сондай-ақ Агенттік пен оның аумақтық органдарын, қызметтік әдепті бұзудың профилактикасы бойынша үйлестіруді жүзеге асыратын органдарды айқындайды.

Жанат ЖҰМАБАЕВ,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі.



Ажар ГИНИЯТ,
ҚР Денсаулық сақтау министрі.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ ЖАСЫ

Әйелдердің зейнет жасына қатысты мәселе қоғамда қызу талқыланып жатыр. Қоғам белсенділері әйелдердің зейнетке шығу уақытын 58 жасқа дейін төмендетуді ұсынуда. Атап өтер болсақ, ерлер үшін зейнеткерлікке шығу бүгінде 63 жас болса, ал әйелдердің зейнетке

шығу жасына тағы 6 ай қосылып, 60,5 жасты құрап отыр. 2027 жылға дейін нәзік жандардың зейнетке шығу жасы біртіндеп өсіп ерлермен теңеседі. Бұған наразылық танытып отырғандар бар. Жалпы, әйелдердің зейнет жасын төмендету қажет пе? Бұл мәселенің шешімін табуға не кедергі?

- Бүгінде аса ауыр және зиянды өндірісте жұмыс істейтін мамандар зейнетке ерте шыға алады. Кәсіби ауру түрлерінің тізімі бар. Бірақ, олар алдымен медициналық комиссиядан өтуі керек. Мамандар аурудың себебін, яғни кәсіптен болғанын немесе басқа себептерге байланысты туындағанын анықтайды. Ал әйелдерге 63 жасқа дейін жұмыс істеген қаншалықты ауыр екені белгісіз. Ондай талдау және статистика жүргізілмейді. Қазақстанда әйелдердің өмір сүру ұзақтығы еркектермен салыстырғанда 9 жылға артық. Сондықтан, зейнет жасын төмендету мәселесін әлі де жан-жақты зерделеу керек. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арнайы топ құрып, дәрігер мамандарды шақырса, олар міндетті түрде зейнет жасына қатысты жұмысқа атсалысады. Біз талқыға салынатын мәселені ескере отырып, арнайы жұмыс тобына міндетті түрде атсалысамыз.

* * * * *

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ ХАБАРЛАЙДЫ!

Солтүстік Қазақстан облысында 60-қа жуық өзен, 2 мыңнан астам көл (2148) және жүз қазаншұңқыр (117) бар, бұл ретте ең қауіпті акваториялар Есіл өзені, Пестрое, Соленое, Лебяжье, Үлкен Торанғұл, Шалқар и Имантау көлдері болып табылады. Айта кету керек, соңғы 9 жылда суда ресми демалыс орындары болып табылатын облыстың су айдындарында адамдардың қаза болуы тіркелген жоқ (соңғы 9 жылда облыс бойынша 211 адам суға кетті, оның 33-і балалар).

Облыс әкімдігінің 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 97 Қаулысымен 12 көл мен Есіл өзенінде орналасқан су айдындарында 58 бұқаралық демалыс орны анықталды. Бұдан басқа, 2016 жылғы 20 маусымдағы № 3/7 бекітілген Солтүстік Қазақстан облысының ортақ су пайдалану қағидаларында «ЖАО орнатпаған демалыс орындары СҚО су объектілерінде шомылуға, шағын көлемді кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзуге тыйым салынған болып белгіленсін» деп көрсетілген. Осылайша, Солтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті біздің жерлерімізге жүгінеді:

- бұл үшін қатаң бөлінген орындарда шомылыңыз;
- балаларды су қоймасына ересектердің қарауынсыз жібермеңіз;
- алкогольдік және есірткілік мас күйінде шомылмаңыз;
- жүзудің шекарасын белгілейтін буйкадан жүзбеңіз;
- су қоймаларын ластанмаңыз;
- жалған дабылды айқайламаңыз.

Жоғарыда аталған барлық ережелерді орындау Сіздің және жақындарыңыздың өмірі мен денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді!

Жоғарыда көрсетілген нормативтік-құқықтық актілермен СҚО ТЖД ресми сайтында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Әділет» Нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде танысуға болады.

СҚО бойынша ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасы.

- Қазіргі уақытта зейнетақы жүйесінің барлық компоненттері еңбек өтіліне байланысты жүзеге асады. Әйелдің жұмыс өтілі неғұрлым көп болса, зейнетақы мөлшері де соғұрлым жоғары болады. Бұл - әлемдік тәжірибе. Зейнеткерлік жасты қысқарту бірінші кезекте зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін жұмыс-шылар мен мүгедек бала тәрбиелеп отырған аналарға енгізілуі керек деп есептеймін. Олар құрметті демалысқа ертерек шығуы керек. Бұл санаттағы азаматтарды қалыпты жұмыс жағдайында еңбек ететіндерге теңестіруге болмайды. Қазіргі уақытта кәсіподақ қоғамдық бірлестіктері азаматтардың ұсыныстары мен тілектерін ескеретін әлеуметтік Кодекс жобасын талқылауға қатысуда. Оның ішінде зейнеткерлік жасын төмендету мәселесі де бар.

- Жалпы, әйелдердің зейнет жасын төмендету – өзекті мәселе. Күнделікті тұрмыс-тіршілік, бала тәрбиесі, одан бөлек түрлі жұмысты атқарып жүрген әйелдерді 58 жастан зейнетке жібергеніміз орынды. Бұл пікіріммен көпшілік келіседі деп ойлаймын. Мысалы, мектеп ұстаздарының, оның ішінде әйелдердің кемінде 63 жасқа дейін сабақ беруге әл-қуаты жете бермейді. Шаршайды, ауру-сырқауы шыға бастайды, жасөспірімдер де егде жастағы педагогтар сөзіне құлақ аспайды. Оның үстіне, қазіргі күні балалармен айналысу, оқыту, жұмыс жасау қиындап барады. Сондықтан, еліміздегі нәзік жандылардың зейнетке шығу мерзімін 63 жасқа дейін ұзартуға мүлдем қарсымын. Онымен қоса, ауыр жұмыста еңбек етіп жүрген жандардың зейнетке шығу жасын қысқарту өте орынды. Олардың атқарып жүрген саласы әсіресе, денсаулығы үшін қауіпті. Шамамен мұндағы әйелдердің құрмет демалысына шығу жасын 55-ке дейін төмендеткені абзал. Әр мамандықтың қиындығына сай, әйелдердің жасы да ескерілуі тиіс.

(Пікірлер интернеттен алынды).

Құрметті газет оқырмандары! Сіздердің ой-пікірлеріңіз қандай? Көпшілікпен бөлісіп, өз ұсыныстарыңызды жазыңыздар. Күтеміз.

2022 жылғы маусымда аудандық мәслихаттың хатшысымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау кестесі

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов — облыстық мәслихаттың депутаты, «Племзавод Алабота» ЖШС-нің басшысы	8 маусым
2	Александр Владимирович Керчис — аудандық мәслихаттың депутаты, ДЭУ-65 бастығы	6 маусым
3	Бауыржан Маратұлы Мергасимов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дарига» ЖК басшысы	8 маусым
4	Диана Еслямбекқызы Ысқақова — аудандық мәслихаттың депутаты, «№ 1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы	10 маусым
5	Сәрсенбай Муратұлы Бекшенов — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы	13 маусым
6	Гүлнұр Өмірбайқызы Батаева — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданының білім бөлімінің әдіскері	15 маусым
7	Батес Латиф — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша КБАА» ШЖҚ-дағы КМК-ның бас дәрігерінің орынбасары	17 маусым
8	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова — аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	20 маусым
9	Данияр Келденбекұлы Жақыпов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Данияр-Бидай» ЖШС-нің менеджері	22 маусым
10	Руслан Елшібайұлы Егінбаев — аудандық мәслихаттың депутаты, «Престиж Агро» ЖШС-нің директоры	24 маусым
11	Айгүл Ботақызы Мұхаметғалиева — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» КММ-нің директоры	27 маусым
12	Николай Николаевич Трифонов — аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС-нің директоры	29 маусым
13	Виктор Иванович Рудницкий — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дашка-Николаевка СК» ЖШС-нің директоры	30 маусым

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау орны: Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 3 «А», «Amanat» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы.

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат — 23072, «Amanat» партиясының аудандық филиалы — 22047.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ – ПАТРИОТИЗМ МЕН ҰЛТ БІРЛІГІНІҢ МЕРЕКЕСІ

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды (заңның толық мәтіні). Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді. Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік әнұран мемлекеттік рәміздер болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков.



Ту – мемлекеттің егемендік пен біртұтастықты білдіретін басты рәміздерінің бірі. «Флаг» термині «vlag» деген нидерланд сөзінен шыққан және белгіленген көлем мен түстегі, әдетте елтаңба немесе эмблема түрінде бейнеленген, дінгеке немесе бауға бекітілген мата ұғымын білдіреді. Ту ежелден елдің халқын біріктіру және оны белгілі бір мемлекеттік құрылымға сәйкестендіру міндетін атқарып келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік туы ресми түрде 1992 жылы қабылданды. Оның авторы – белгілі суретші Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында тік жолақ түрінде ұлттық өрнек нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы – 1:2

Геральдика дәстүрінде әрбір түс белгілі бір ұғымды танытады. Мәселен, аспандай көк түс адам бойындағы адалдық, тазалық, сенімділік, мінсіздік сияқты қасиеттерді білдіреді. Сонымен қатар, көк түс түркі мәдениетінде терең символдық мәнге ие. Ежелгі түркілер аспанды тәңір-атаға балаған, ал олардың көк туы арғы ата-бабаларға деген адалдықты бейнелейді. Қазақстанның Мемлекеттік туында ол ашық аспанды, бейбітшілікті, игілікті білдірсе, түстің біркелкілігі еліміздің тұтастығын меңзейді.

Геральдика қағидағарына сәйкес, күн байлық пен молшылықты, өмірді және күш-қуатты бейнелейді. Сондықтан еліміздің туындағы күн шапағы дәулеттілік пен бақуаттылықтың символы – алтын масақ пішінінде берілген. Қазақстанның мемлекеттік атрибутикасында күннің бейнеленуі еліміздің жалпыадамзаттық құндылықтарды қастерлейтінін дәлелдейді және жас мемлекеттің жасампаздық күш-қуатын, серіктестік пен ынтымақтастық үшін әлемнің барлық еліне ашық екенін айғақтайды.

Қыран (бүркіт) бейнесі – көптеген халықтардың елтаңбалары мен туларында ерте кезден бері қолданылып келе жатқан басты геральдикалық атрибуттардың бірі. Бұл бейне әдетте биліктің, қырағылық пен мәрттіктің символы ретінде қабылданады. Күн астында қалықтаған бүркіт мемлекеттің қуат-күшін, оның егемендігі мен тәуелсіздігін, биік мақсаттар мен жарқын болашаққа деген ұмтылысын танытады. Бүркіт бейнесі еуразиялық көшпенділердің дүниетанымында айрықша орын алады және олардың түсінігінде бостандық пен адалдық, өрлік пен ерлік, қуат пен ниет тазалығы тәрізді ұғымдармен ұштасып жатады. Алтын бүркіт кескіні жас егемен мемлекеттің әлемдік өркениет биігіне деген ұмылысын көрсетеді.

Мемлекеттік тудың сабының тұсына тігінен ұзына бойына кескінделген ұлттық өрнектер – оның маңызды элементі. Қазақ ою-өрнектері – дүниені көркемдік тұрғыдан қабылдаудың халықтың эстетикалық талғамына сай келетін ерекше бір түрі. Түрлі формалар мен желілер үйлесімін танытатын өрнектер халықтың ішкі әлемін ашып көрсететін мәнерлі көркемдік құрал болып саналады. Тудың сабын жағалай салынған ұлттық өрнектер Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрін символдық тұрғыда бейнелейді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген,

шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу – алтын түстес.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.

Елтаңба – мемлекеттің басты рәміздерінің бірі. Елтаңба («герб») термині немістің «erbe» (мұра) деген сөзінен шыққан. Мемлекеттің мәдени және тарихи дәстүрін бейнелейтін символдық мәні бар үйлесімді пішіндер мен заттардың миастық ерекшелік белгісін білдіреді

Қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген қола дәуірінің көшпенділері кейін графикалық ұғымы «таңба» деп аталған ерекше символ-тотем арқылы өздерін танытқанына тарих куәлік етіп отыр. Алғаш рет бұл термин Түрік қағанаты тұсында қолданыла бастаған.

Егеменді Қазақстанның Елтаңбасы 1992 жылы ресми түрде қабылданды. Оның авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы дөңгелек нысанды. Бұл – Ұлы дала көшпенділері айрықша қастер тұтқан өмір мен мәңгіліктің символы.

Мемлекеттік елтаңбаның орталық геральдикалық элементі – көгілдір түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнесі. Шаңырақты айнала күн сәулесі секілді тараған уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағына аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – көлемді бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу – алтын түстес.

Көк күмбезін еске салатын және Еуразия көшпенділерінің дәстүрлі мәдениетінде тіршіліктің негізгі бастауының бірі боп саналатын шаңырақ – киіз үйдің басты жүйе құраушы бөлігі. Республиканың Мемлекеттік елтаңбасындағы шаңырақ бейнесі – елімізді мекендейтін барлық халықтардың ортақ қонысының, біртұтас Отанының символы. Шаңырақтың мықтылығы мен беріктігі оның барлық уықтарының сенімділігіне байланыстылығы секілді, Қазақстанда бақытқа жету әрбір азаматтың аман-есендігіне байланысты.

Аңыздағы қанатты тұлпарлар Мемлекеттік елтаңбадағы өзекті геральдикалық элемент болып саналады. Бағзы замандағы тұлпар бейнесі батылдықты, сенімділікті және ерік күшін танытады. Пырақтың қанаты Қазақстанның көпұлтты халқының қуатты және гүлденген мемлекет құру туралы ғасырлар бойғы тілегін аңғартады. Олар – шынайы ой-арман мен ұдайы жетілуге және жасампаз дамуға ұмтылыстың көрінісі. Сонымен қатар, арғымақтың алтын қанаттары алтын масақты еске салады, қазақстандықтардың еңбексүйгіштігін және еліміздің материалдық игілігін танытады.

Өткен ғасырларда мүйіз көшпенділердің табынушылық ғұрыптарында, сонымен қатар, жауынгерлік тудың ұшына орнату үшін белсенді пайдаланылған. Көктің сыйын, жердің игілігін, жорықтың жеңісін әртүрлі жануарлардың мүйізі арқылы бейнелеу көптеген халықтардың символдық композицияларында елеулі орын алды. Сондықтан молшылық әкелетін мүйізі бар қанатты тұлпар семантикалық және тарихи түп-тамыры терең маңызды типологиялық образ болып саналады.

Республиканың Мемлекеттік елтаңбасындағы тағы бір деталь – бес бұрышты жұлдыз. Бұл символды адамзат ежелгі заманнан бері пайдаланып келеді, ол адамдардың ақиқат сәулесіне, барлық игі аңсарларға және мәңгілік құндылықтарға деген ұдайы ұмтылысын білдіреді. Мемлекеттік елтаңбада жұлдыздың бейнеленуі қазақстандықтардың әлемнің барлық халықтарымен ынтымақтастық пен серіктестік орнатуға ниетті ел болуға деген талпынысын танытады. Қазақстан тұрғындарының жүрегі мен құшағы бес құрлықтың өкілдері үшін қашанда ашық.

Елтаңбада қолданылған негізгі түс – алтынның түсі. Бұл – байлықтың, әділдіктің және кеңпейілділіктің символы. Сонымен қатар, көгілдір аспан түстес тудың түсі алтынның түсімен үйлесім тауып, ашық аспан, бейбітшілік және бақуат тіршілік ұғымдарын танытып тұр.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

Бұрын «Менің Қазақстаным» әні ретінде танымал болған Қазақстанның әнұраны Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың

бастамасы бойынша 2006 жылы 6 қаңтарда еліміздің Парламентінде бекітілді. Бірінші рет ол 2006 жылы 11 қаңтарда Мемлекет басшысының салтанатты ұлықтау рәсімінде орындалды.

Музыкасы – композитор Шәмші Қалдаяқовтікі, сөзі – Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаевтікі.

Әнұран – мемлекеттің басты рәміздерінің бірі. Гректің «gimno» сөзінен шыққан «гимн» термині «салтанатты ән» деген мағынаны білдіреді. Әнұран ел азаматтарын тиімді әлеуметтік-саяси тұрғыдан топтастырып, этномәдени тұрғыдан теңдестіру үшін негізгі мәнге ие, маңызды дыбыстық рәміз саналады.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихында еліміздің мемлекеттік әнұраны екі рет – 1992 және 2006 жылдары бекітілді.

Республика мемлекеттік егемендігін иеленгеннен кейін, 1992 жылы Қазақстан әнұранының музыкасы мен мәтініне байқау жарияланды. Байқау қорытындысы бойынша Қазақ КСР әнұранының музыкалық редакциясын сақтау туралы шешім қабылданды. Осылайша тәуелсіз Қазақстанның алғашқы әнұранының музыкасының авторлары Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди болды. Сонымен қатар, үздік мәтінге жарияланған байқауда авторлар ұжымы, белгілі ақындар Мұзафар Әлімбаев, Қайыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаева жеңіп шықты.

Елдің дыбыстық рәмізінің танымалдығын арттыру мақсатында 2006 жылы жаңа мемлекеттік әнұран қабылданды. Оның негізі ретінде халықтың арасында кеңінен танымал «Менің Қазақстаным» патриоттық әні таңдап алынды. Ол әнді Шәмші Қалдаяқов 1956 жылы Жүмекен Нәжімеденовтің сөзіне жазған болатын. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев әнге мемлекеттік әнұран жоғары мәртебесін беру және анағұрлым салтанатты шырқалуы үшін музыкалық туындының бастапқы мәтінін өңдеді. Қазақстан Парламенті 2006 жылы 6 қаңтарда палаталардың бірлескен отырысында «Мемлекеттік рәміздер туралы» Жарлыққа тиісті түзету енгізіп, еліміздің жаңа мемлекеттік әнұранын бекітті.



Сөзін жазғандар: **Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев**

Әнін жазған: **Шәмші Қалдаяқов**
 Алтын күн аспаны,
 Алтын дән даласы,
 Ерліктің дастаны,
 Еліме қарашы!
 Ежелден ер деген,
 Даңқымыз шықты ғой.
 Намысын бермеген,
 Қазғым мықты ғой!
Қайырмасы:
 Менің елім, менің елім,
 Гүлің болып егілемін,
 Жырың болып төгілемін, елім!
 Туған жерім менің – Қазақстаным!
 Ұрпаққа жол ашқан,
 Кең байтақ жерім бар.
 Бірлігі жарасқан,
 Тәуелсіз елім бар.
 Қарсы алған уақытты,
 Мәңгілік досындай,
 Біздің ел бақытты,
 Біздің ел осындай!
Қайырмасы:
 Менің елім, менің елім,
 Гүлің болып егілемін,
 Жырың болып төгілемін, елім!
 Туған жерім менің – Қазақстаным!

КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ..

Көк тудың желбірегені
 «Ер Алаш, Алға!» дегені.
 Бабаның ерлік істерін
 «Жас ұрпақ жалға!» дегені.
 Көк тудың желбірегені
 «Бейбіт күн болсын!» дегені.

Еңбекте табыс тасқындап
 Мол бақыт қонсын, дегені.
 Көк тудың желбірегені
 «Ұлт, ұлыс бір бол!» дегені.
 Әнұран көкте шарықтап
 Жас ұрпақ ойнап - күлгені.

Көк тудың желбірегені
 «Сапқа тұр антпен!» дегені.
 Жыландай жымсып кіретін
 Дос болма, жатпен дегені.
 Көк тудың желбірегені
 Пәк жүректің елжірегені.

Бетті дайындаған: **Қожа ҚАЗАНҰЛЫ, газет тілшісі.**

АБАЙ САНДЫҒЫ – АЛАШ ТАҒДЫРЫ

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,
абайтанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында).

Сонымен Шәймерденнің алғашқы хатының нұсқасы не толық аудармасы жоқ дедік. Екінші хаттың орысша аудармасы сақталған. Зерттеуші С.Байжанов қазақшалаған хат мынау. Бұл хаттан оның авторының ой-пікірін, Абайға деген ықылас-тілегін біршама байқауға болады:

«Ассалаумағаләйкүм! Биік мәртебелі аса құрметті, жұрт ардақтайтын Ибраһим мырза!

Сізге Ақмола облысының барша 5 оязының қадірмен адамдарының атынан жазып отырмын. Мұндағы қазақ халқының мұқтаждық хал-жағдаяты 15 майдан әрман қарай мағлұм болмақшы, өйткені жиналған малды сатуға тура келеді. Халық қамқоршысы ретінде сізден еш хабар-ошар ала алмадық, ал сізден әлдеқайда шалғайда жатқандар хабар беріп тұр. Жетісу облысында болатын кеңесті күтудеміз, әмбе тері-терсек сатылатын Семей жәрмеңкесінің өтетін мерзімін күтіп жүрген жайымыз бар: мерзімі әлі бұрынғыдай. Жәрмеңкеден қазаққа келер пайда да шамалы, бұл жағын жұрттың бәрінен де өзіңіз жақсы білсеңіз керек-ті. Баяғы дәурен өтті де, өлетін заман жетті. Барлық жай-жапсарды айтып, ақылдасуға болар еді, амал не, қазақтың мүддесін шағып, ойласуға кедергі жасап тұр ғой. Хатты мына адреске: Көкшетау қаласы, қазақ мектебі, Зиядаға тисін деп әдепкі жолмен жіберсеңіз, аламыз. Хат жазушы мына мен пақыр әлі де көп нәрсе жазар едім, әзірше үндеместен осымен тамам етейін. 1903 жылғы 6 март».

Хаттың момын сөздермен сыпайы басталып, қысылып аяқталғанын көріп отырмыз. Әрине қуғын-сүргінді көп көрген мұғалім Шәймерден Қосшығұлов өзіне әр жерден құрылып тұрған қақпанды білген. Хат қолға түсе қалғанның өзінде шектен шыққан «қылмыс» таба алмасын деп, тұспалдап қана емеурін танытады. Алайда, өкіметтің қырағы қызметкерлері осынау құпия сөздердің астарында әлеуетті саяси күш жатқанын да біліп қойған. Әйтпесе сонша дүркірей ме?

Байыптап қарасақ, бұл тек дін төңірегіндегі ғана әңгіме емес. Түп-тамыры тереңде жатқан ұлт-азаттық күрестің тағы бір көрінісі. Осы арада Мұхтар Әуезов айтып кеткен сергек болжам ойға оралады:

«...Кейінгі зерттеушілердің есіне, әсіресе, салып өтетін бір жай: ақын жөніндегі деректер туралы... Крестьян начальнигі, ояз начальнигі, жандарал, округ, Омбыдағы корпус (генерал-губернатор) кеңселері, барлығының архивтерінде Абай жөнінен әлі де көп жаңалық табуға болатын тәрізді» (М.Әуезов. Т.20, 1985 ж. 83 б.) Сақталған архив құжаттарына қарағанда, алғашқы хатқа Абай жауап бермеген. Екінші хатты 1903 жылғы сәуір айында Абайдың өзін Арқат поштасына алып барып, қол қойғызып, Навроцкий Абайдың қолынан алған. Хаттың мазмұны қазақ тарихшыларына мәлім. Бұл жөнінде осы жолдардың авторы «Абайға хат жазған Шәймерден Қосшығұлов кім?» деген тақырыпта мақала жазған болатын. (Абайдың саяси-құқықтық мұрасы және жаңа кезең. Қарағанды мемлекеттік университетінің баспасы, 1995 ж., 32-52 беттер).

Қысқасы, 1903 жылғы 25 сәуірде Абайдың үйін тінткен Семей уезінің бастығы Навроцкий Абайдың қолжазбалары, оқыған кітаптары мен журналдары сақталған сандықты қаттап, Семейге алып кеткен. Әрі қарай Омбыға жөнелткен.

Бұл қағаздарды мұқият зерттеп, тексерген сарапшылар, «араб әрпімен жазылған қолжазбаларда үкіметке қарсы бағытталған ештеңе табылмағаны» туралы қорытынды жасаған және Омбы шенеуніктері Абайдың сандығын қайтару туралы шешім алған. Бұл – 1903 жылғы қараша айындағы әңгіме.

Одан кейін қыс түсіп кетеді, қайдағы бір қазақтың сандығын қыс ішінде шанамен Омбыдан Шыңғыстауға жеткізіп беруі мүмкін десек, қисыны келе қоя ма? Көктемде, сәуірдің 20-25 дейін Ертістен өткел ашылмайтыны тағы бар. Жаз шыға сандықтың иесі – Абайдың өзі қайтыс болды. Сонымен, Абайдың қағазы салынған сандық Омбыдан қайтпай қалды. Бұған дәлел ретінде, Алаш көсемдерінің бірі, заңгер Жақып Ақбаевтың жазғанын ұсынуға болады. Ол 1905 жылы 26 маусымда Ресей үкіметіне қазақтар атынан жазған арызында былай деп көрсетеді: «...1903 жылы

Петропавл, Павлодар және Семей уездерінде белгілі-белгілі қазақтардың үйіне тінту жүргізілді. Сол тінту барысында олардан тартып алынған кітапханалар әлі күнге иелеріне қайтарылмай отыр...» Бұл сөздердің Абай үйінен тәркіленген сандыққа тікелей қатысы бар екені күмән туғызбауға тиіс. Осылайша, қазақтың даналық ақыл-ой қазынасына, өнері мен әдебиетіне орны толмас орасан нұқсан келді. Саяси сенімсіздігі жөнінде Абайға жабылған жаланы, оның үй-жайының заңсыз тінтілгенін, сандықтың тәркіленіп, Омбыға әкелінгенін Жақып Ақбаев жақсы білген. Және ол сандықтың ішіндегі қағаздардың, басқа да әдебиеттердің тарихи маңызын бағалай білген. Әйтпесе, «сол тартып алынған кітапханалар әлі күнге иелеріне қайтарылмай отыр», деген сөздерді еріккеннен жазбайды ғой.

Ал, Жақып Ақбаевтың Абайға байланысты бұл оқиғаны бұге-шігесіне дейін білгеніне күмән келтіруге болмайды. Оның дәлелдері мынадай: 1904 жылы 8 маусымда Ж.Ақбаев Омбыдан ауысып, Семей округтік сотына қызметке барған. Өзінің жерлесі саналатын Абайды бұрыннан білетін. Жақыптың Петербургте оқып жүргенде, жазғы демалыста елге келіп, халықтың тұрмысы, патша шенеуніктерінің заңсыз алым-салық алатыны, қазақтарға қорлық көрсететіні туралы орталық басылымдарға мақала жазатыны да мәлім. Екіншіден, Жақып Ақбаев Абайдың досы, облыстық санақ басқармасында істеген заңгер Н.Коншинмен жақын араласқан.

Самодержавиеге, отаршылдыққа қарсы күресте пікірлес болған. Абай мен Коншиннің жақын болғандығы туралы деректер жеткілікті. Ал, Ж.Ақбаев 1906 жылы күзде саяси қылмыскер ретінде сотты болғанда, Қарқаралыда өткен сот процесіне өзіне қорғаушылыққа Семейдегі Коншинді таңдағанын қағазға жазып берген. Міне, Абайдың сандығының қандай жағдайда қолды болғаны туралы әңгіменің ұзын-ырғасы осындай.

Әлбетте, бұл құдалау, Арқат поштасына жетектеп апару, үйін, қора-қопсысын, балаларының қойын-қонышын заңсыз тінту – Абайға моральдық жағынан үлкен соққы болғанын түсінудіміз керек. Кейін, тергеу жұмыстары аяқталып, Абайдың орыс үкіметіне қарсы пиғыл-әрекеттері туралы күдік сейілгеннен кейін де, ұлы ақынның жүрегіне түскен жан-жарасы оңайлықпен жазылар ма? Мұндай жағдайда үкіметке, оның әділ билігіне деген сенімі жоғалып, өмірден түңілген жанның сандықты іздеуге ықыласы болар ма?

Уақыт легімен келгенде, қазақ даласындағы бұдан кейінгі оқиғаларды шолып, айта кетейік. 1904-1905 жылдары панисламизм, пантүркизм деген желеумен Ресей үкіметі қазақтың азаттық күресін бастаушы ұлтшыл, оқыған азаматтарын түгелдей қуғындады. Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев бастатып, түрмеге жапты. Рақымжан Дүйсенбаев сияқты қаламгерлерін Архангельск, Котлас сияқты поляр шеңберінің сыртына жер аударды.

1909-1911 жылдары саяси көзқарасы үшін қазақ оқығандары тағы да қуғын-сүргінге ұшырады. Бұдан кейін 1916-1917 жылдардың оқиғалары келді. Тағы да қырып-жою, түрмеге жабу, жер аудару науқаны басталды. 1921-1922 жыл дары жаңа ғана ес жиып, еңсе көтере бастаған хат танитын қазақ көсемдері «ұлтшыл — бүлікші» атанып, тағы жазықсыз жазаға ұшырады. 1925 жылғы «кіші октябрь» науқаны үлкен дүрбелеңнің басы болып, аяғы «кәмпескеге» ұласты.

1929-1930 жылдары жаппай тұтқындау басталды. 1932 жылғы аштық, 1937 жылғы «қызыл қырғын», одан кейінгі екінші дүниежүзілік соғыс, 1950 жылғы жаппай қаралау науқаны... бұл қазақтың есін жиғызды ма?

Міне, осылайша, Абайдың қолжазбаларын іздеу түгілі, есі бүтін азаматтар қара басының қамымен әлек болды.

Бұдан мың жыл бұрынғы жәдігерлерді іздеп тауып, қалпына келтіреміз деп жатқанда, жүз-ақ жыл бұрын қолды болған, ізі бар Абай сандығын іздестіру керек-ақ. Осы жолдардың авторы Абайдың қолжазбаларын өз әлінше іздеп жүргеніне қырық жылдай болды. Омбы қаласына жыл аралатып барғанда, ондағы зиялы деген көнекөз қарияларды тауып, тілдестім. Кейбіреулерінің ұрпақтарын сұрастырдым. Үйлеріне бардым. Омбыдағы жоғары оқу орындарында бұрын жұмыс істеген қарт

ұстаздарды іздестірдім. Өлкетанушылар мен тарихшылардың біразына кездесіп, пікір алыстым. Бірақ, үміт ұшқыны әлі көрінбей тұр.

Тіпті, сол кездегі шығыстанушылардың біреуінің қолына түсіп, қызықтырса, Абай қолжазбалары Омбы шегінен шығып, Ресейдің орталық қалаларына, одан асып шет елге кетіп қалуы да ғажап емес. Ұлы сүргін, қанды төңкеріс кезінде бас сауғалап, шет елге ауып кеткен орыс зиялыларының біреуінің қолына түспеді дей аламыз ба?

Осынау көп сұраққа бір ғана жауабым бар: Қалай болған күнде де, Абайдың сандығы, оның ішіндегі қағаздар отқа жағылған жоқ, әлдебіреу күресінге лақтырған жоқ. Ол қағаздардың құнын хат танитын әркім білгеніне шүбә келтірмеймін. Сандықтың ішінде Абайдың араб әлібімен жазған қолжазбалары ғана емес, діни кітаптар, орыс тіліндегі кітаптар, журналдар мен газеттер болған. Абайдың атына келген хаттар болған.

Патша заманында пошта-байланыс қызметі ішкі істер министрлігіне қараған, іс-қағаздарының тәртібі күшті болған. Мысалы, сол Арқат поштасының бастығы Абайдың атына келген хатты әкімшілік орындарына беруден бас тартып, «Ресейдің пошта Жарғысына сәйкес, хатты адрес иесі өзі қол қойып қана ала алады», деген уәжбен, тіпті, облыстың әскери губернаторының жарлығы бола тұрса да, уезд бастығына бермей қойғаны туралы архивте жазулы тұр. Сондықтан, бір із қалды ма екен деп, Дала губернаторлығының пошта әкімшілігінің архивін де қарап шықтым. Бәлкім, осы жолды жалғастырып көру керек те шығар.

Өз елімізде бұл мәселені республикалық баспасөзде бірнеше рет көтердім. Абай жылы да қозғап, «Абай» сайты арқылы Ел Президентінің де құлағына салған болдым. Бірақ, әзірге жаппай үнсіздік.

Менің ойымша, Абай мұраларын іздеу – мемлекеттік маңызы бар мәселе ретінде қолға алатын шаруа болуға тиіс. «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» дегендей, бір ғана адамның талпынысы әзір нәтиже беретін емес. Абайдың сандығын, өз қолымен жазған мұра-қазынасын іздеп табуды ұрпақтардың ұрпақтарына кететін ізгі міндет, азаматтық борыш ретінде әрбір есті қазақ баласы түсінсе екен деймін. Осы сөзді жариялап айтатын кез келді. Ал, біздің бұйрығымызға бағынбайтын уақыт көші өз жөнімен алға кетіп барады...

Түйін: Абай – ұлы ақын, дана ойшыл, қазақтың жаңа тарихи дәуірдегі реалистік жазба әдебиетінің атасы. Абай есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы.

Ғасырлар бойы қалыптасқан экономикалық жағдай, тұрмыс салты үлкен өзгеріске түсіп жатқан аумалы-төкпелі заманда қоғам көшінің ендігі бағытын айқындау, қалайда елдің елдігін, тұтастығын, халықтың ұлттық рухының тазалығын сақтай отырып, жаңа жағдайға бейімделу - бұлар дәуірдің, әлеуметтік өмірдің өзі туғызған тарихи қажеттілік болды.

Осы қажеттілік бүкіл қоғамдық ой-санаға, әдебиет пен өнерге жаңа серпін берді. Нағыз халықтық, реалистік принциптерге негізделген жаңа жазба қазақ әдебиеті, Абай шығармалары осы қоғамдық сұранысқа толық жауап берді. Ақын шығармаларын оқи отырып, біз оның адам жаны мен уақыт талабын жете түсінген дарын иесі болғандығына көз жеткіземіз.

Абай өзінің адамгершілік, гуманистік, қоғамдық, эстетикалық ізденістерін бүкіл дүние жүзі мәдениетінің жетістіктерімен ұластырып, өзі де жаңа биік деңгейге көтеріле түсті, сол арқылы бүкіл адамзаттық идеяларға жол тапты. Ол қазақ поэзиясының, халық даналығының барша жақсы тәжірибесін бойына сіңіре отырып, ұлттық поэзияны, өнерді, қоғамдық ойды байытты, жаңа сапалық биікке алып шықты.

Абайдың әдеби мұрасының дүниежүзілік мәні оның өз шығармаларында туған халқының мүддесін, түпкі мақсат-мұратын айқын көрсете отырып, жалпы адамзаттық құндылықтарды жете бағалай білген ұлы ақынға тән суреткерлік дарындылығынан, кемеңгер ойшылдығынан айқын танылады.

ОҚУ – БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес, Білім және ғылым министрлігі «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды. Жоба аясында, Аймақ негізгі мектебінде кітап оқудағы отбасылық белсенділігін арттыру мақсатында «Отбасылық оқулар» ұйымдастырылды. Төменгі сынып оқушыларын кітап оқуға тартудың бір әдісі ретінде «Ертегілер еліне саяхат» іс-шарасы

ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты ертегі арқылы баланы тәрбиелеу. Аталған шараны жүзеге асыруда басты тұлға болып ата, әжелері қамтылды. «Отбасымен кітап оқимыз» отбасылық бірлікті ұрпаққа жалғастыруды насихаттау негізінде оқырман отбасының бенефисі өткізілді. Бұл іс-шара арқылы кейінгі жастарға отбасылық ынтымақ пен татулықты дәріптеу. Тақырыптық кештің мақсаты – отбасылық құндылықтарды насихаттап, кітап арқылы мейірімділік

пен адамгершілікке тәрбиелеу. Жобаны насихаттау, көпшілікпен бөлісу мақсатында мектептің инстаграм, фейсбук парақшаларына жүргізілген жұмыстар үздіксіз жарияланып отырылады. Демалыс уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін «Менің сүйікті кітабым», «Менің сүйікті әдеби кейіпкерім» челленджері ұйымдастырылып, оқушылар оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен бөлісу үшін келесі оқырманға өздерінің оқыған кітаптарын жолдады. Сонымен қатар, ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау мақсатында «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр атты» онлайн әдеби кеш, Ыбырай Алтынсариннің 180 жыл толуына орай, оқушылармен «Кел балалар оқылық!» атты онлайн мәнерлеп оқу, кітапхана қамқорлығымен «Ұлтымыздың ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлы» атты іс-шаралар өтіп, оқушылар аудандық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Атап өтсек, Ахмет Байтұрсынұлы "Мысалдарын оқу" номинациясы бойынша Хамит Алдияр гран-при иегері атанды және Ахмет Байтұрсынұлы оқуларынан "Жас ақын номинациясы бойынша" Бегалы Нұрасыл 1 орын алды. Президент күні, Тәуелсіздік күніне іс-шаралар үздіксіз жүргізіліп, жоба бағыттары жүзеге асырылуда.

Мектеп кітапханасында түрлі жобалар қолға алынуда. Соның бірі балалардың қоңырау уақытын бос өткізбей, балаларды жылдамдық пен ептілікке үйрету арқылы кітап оқуға баулу мақсатында "КІТАППЕН БОЛ!" атты 10 минуттық оқу жобасы қолға алынды.

Кітап – білім бұлағы болса, сол білімнің көзін ашар мұғалім мен кітапханашылар. Өздерінен инабаттылықты, шыдамдылықты және білімділікті талап ететін мамандық иесі кітапханашылар.

Жазушы Әбіш Кекілбаев айтқандай «Кітапхана – мәңгілік парасаттық мекені, ал кітапханашылар – ешқашан жоғалмауға тиісті қазынаның сақшылары.

Жас ұрпақ, жас буын, жас жеткіншектеріміз аман болсын. Елдің ертеңі болар сол жастарымыз бен балаларымыз! Мәңгілік еліміздің келешегі – білімді жастардың қолында.

Жібек ТҰРҒЫМБАЕВА,

Аймақ негізгі мектебінің кітапханашысы.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ – ЖАҢАША ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДАЙЫНБЫЗ

Қазақстанның балалары мен жастары – Қазақстан қоғамының стратегиялық құндылығы және болашақ адами капиталы.

Жаңанды тәуекелдер мен сын-қатерлер кезеңінде өмір сүретін жаңа буын белсенділігі мен қызығушылықтарының әртүрлілігімен сипатталады. Сондықтан мемлекет пен азаматтық қоғамның шынымен біртұтас балалар-жасөспірімдер және жастар қозғалысын құрудағы күш-жігерін біріктіру – заманауи мемлекеттің стратегиясы.

Бүгінгі таңда білім беру ұйымы қызметінің қазіргі жағдайында білім беру ұйымын демократиялық басқаруға жағдай жасауға байланысты мәселелер туындайды, онда тек басшы мен педагогикалық кеңес қана емес, сонымен қатар білім алушылар білім беру үдерісінің толық субъектілері ретінде білім беру ұйымы ұсынатын қызметтердің сапасына әсер ете алады.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы (екінші кезең - 2016-2020 жылдар), Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасы негізінде әзірленген болатын. Парламент – оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі болып табыла. Парламентте оқушылар бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады.

Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;

- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;

- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;

- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Осы ережеге сай мектебімізде 2021-2022 оқу жылының қыркүйек айында мектеп парламенті сайланды. Сайлауға оқушылар өздерінің бағдарламаларын ұсынып, оларды интернет желілерінде, мектеп сайтына жариялаған болатын. Пандемияға байланысты сайлау онлайн форматта өтті.

Парламент құрамына келесі бағыттар бойынша оқушылар сайланды:

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы.
5. Қамқорлық фракциясы.
6. Мәдениет және өнер фракциясы.
7. Дебат қозғалысының фракциясы.

8. Экология және еңбек фракциясы.

2021-2022 оқу жылына жоспар құрылып көптеген іс-шаралар өткізілді. «Салауатты өмір салтын ұстан!» ұранымен мектеп оқушылары арасында түрлі аурулардың алдын алу мен салауатты өмір салтын насихаттау «Денсаулық фестивалі» акциясы, спорттық эстафеталар, «Отбасы» күніне орай «Отбасы-бақыт мекені» атты, оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу мақсатында апталық, сонымен қатар сурет көрмесі ұйымдастырылып, ең үздік суреттер анықталып, жеңімпаз оқушылар марапатталды. Ұстаздар мерекесіне орай ұстаз еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу мақсатында оқушылар ұстаздарға арнап презентация жасады, ән мен жырларын онлайн құттықтаулар, мектебіміздің қарт ұстаздарына еріктілер клубының оқушылар көмек көрсетіп, сонымен қатар мектеп ұстаздарына концерт ұйымдастырылды.

Балалардың бос уақытын тиімді пайдалануға, уақыттың қадірін білуге, өз ісін жоспарлай білуге баулу мақсатында «Менің бос уақытым» атты видеороликтер жасалаған болатын, олар бос уақытында немен, қандай пайдалы іспен айналысатыны жөнінде қызықты видеороликтермен бөлісті.

Қоршаған ортаны қорғауға, қалдық заттардан бұйымдар жасай білуге үйрету мақсатында «Экочелленджер» ұйымдастырылды. Оқушылар түрлі қалдық заттардан күнделікті өмірде қажеттілікке жарайтын заттар жасады. Ең үздік деп танылған еңбектер бағаланып, марапатталды. Бақыттың мағынасын ұғындыру, бақытты балалықты бейнелей білуге үйрету мақсатында «Бақытты балалық шақ» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Кез-келген мемлекеттің айшығы – мемлекеттік рәміздері екені белгілі. Елін, жерін сүю мен Отанға деген адалдықтың бір белгісі – мемлекеттік рәміздерімізді қадір тұту болып табылады. Жас ұрпақты елжандылық негізде тәрбиелеуде де мемлекеттік нышандардың алар орны ерекше. Олай болса, рәміз дегеніміз не? Мектебімізде оқушылар арасында сауалнама жүргізіліп отырады. Сонымен қатар 1 желтоқсан-президент күніне орай әр сыныпта тұңғыш Елбасының балалық шағы, өмір жолы, атқарған қызметтері жайлы фильмдер көрсетіліп, Елбасы жайлы өлеңдер мәнерлеп оқу сайыстары өтті.

Фракциялар көшбасшыларының жалпы жиналыстары өткізілді.

20 мамыр Ясная поляна орта мектебінде Тайынша ауданы мәслихатының депутаттары «Жаңа Қазақстанның қалыптасуындағы жастардың рөлі» атты Балалар жылы аясында СҚО Тайынша ауданы білім беру ұйымдарының балалар мен жастар қозғалысы көшбасшыларының азаматтық қоғамды дамыту және жас ұрпақтың Отанды нығайту және өркендетудегі рөлі мәселелері жөніндегі бірегей аудандық диалог алаңы ауданымыздың білім беру ұйымдарының мектеп және студенттік парламенттері көшбасшыларының аудандық слеті өткізілді.

Слеттің мақсаты: азаматтық қоғамды дамытуда қоғамдық өзін-өзі басқару органдарын – мектеп және студенттік парламенттерді дамыту және нығайту, қарым-қатынас жасау және тәжірибе алмасу үшін алаң құру. Слеттің міндеттері:

- 1) өткен жылдағы мектеп және студенттер парламенттерінің жұмысын қорытындылау және жаңа жылға міндеттерді анықтау;
- 2) білім беру ұйымының қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының қалыптасуына қосқан үлесі үшін мектеп және студенттер парламенттерінің көшбасшыларын марапаттау;
- 3) білім алушылардың жобалық қызметін дамыту;
- 4) әлеуметтік белсенді балалар мен жастарды анықтау;
- 5) балалар мен жастардың көшбасшылық және шығармашылық құзыреттіліктерін арттыру;
- 6) елдің экономикалық, азаматтық және мәдени дамуы

мүддесінде өзін-өзі жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының балалары мен жастарының әлеуетін ашуға жәрдемдесу.

Слетке ауданымыздың 10 мектебі және Тайынша Агробизнес колледжі қатысты. Олар слет барысында заман талабына сай тақырыптар бойынша алаңға шығып өнер көрсетті.

Мектебіміздің «Шабат» командасының құрамында мектебіміздің белсенділер Рахманов Асхат, Ташмаканова Асель, Хажымуханқызы Аяулым, Комис Жасұлан, Ақтай Елдана, Болат Даяна қатысты. Олар «Балалар мен жастардың сөз және мінез-құлық мәдениеті» тақырыбында шеберліктерін көрсетті.

«Кісіні аузындағы сөзінен таны» деген аталы сөз бар. Адамның қандай екенін бір ауыз тілдескеннен – ақ байқауға болады. Қазақ халқы ерте заманнан сөз құдіретін жоғары бағалап, сөйлеу мәдениетіне ерекше мән берген. Қазіргі жастарымыз сол асыл қазынамызды қалай бағалап жүр. Еліміз егемендік алып, көгімізде көк байрағымыз желбіреп, тіліміздің мәртебесін көтеруге ат салысу мақсатында жастардың арасында саф алтындай таза тілімізді шұбарламай, ана тілімізде сөйлеу қажеттігі туралы сөз қозғады.

Жаслан: - Осындай дәрежеге жетуімізге не себеп болды деп ойлайсыз?

Қазіргі жастардың қоршаған ортасы, отбасындағы тәрбиенің әсері, интернет желісі де осы тілімізге кері әсерін тигізіп жатыр. Жастарымыз батыстанып бара жатқандай. «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» дегендей кешегі кеңестік дәуірде өшуге айналған тілімізді қайта жандандыру болашақта жастардың қолында екендігі, келешек ұрпаққа үлгі болу, өзімізді мәдениетті ұстау, ортада сыпайы сөйлесуге шақырды. Біз «қазақ» деген ұлы халықтың ұрпағы емеспіз бе. Ендеше осы атқа лайықты болуымыз керек. Жоғалтқанымызды қайта тауып, тілімізді дамытып ескімізді жаңарттық. Ұлтымыздың өзгеден ерекше қабілетті, дарынды, ынтымағы, бірлігі жарасқан, батыр, мықты ел екенін әлемге паш еттік. Бұл біз үшін зор қуаныш. Өз еншімізге ғана бұйырған баға жетпес ешбір елдің тіл байлығы тең түспес сөз байлығымызды, саф алтын – сөз өнерімізді сақтап қалайық-деп ұрандады. Атақты ақын Кәкімбек Салықовтың «Тіліңді қорға, қазағым!» атты өлеңімен

Тіл – Абылай ұраны,

Дербестікке бастаған.

Тіл – Махамбет пырағы,

Сегіз Сері қостаған.

Тіл – «Сарыарқа», «Саржайлау»,

Құрманғазы, Тәттімбет.

Тіл – туған жер, ақ жайлау,

Ақ сүтпен сіңген ақ міндет.

Тіл – Мұхтарды тудырған,

Білсін деп бізді бар ғалам.

Тіл Жамбылды ту қылған,

Жеткенше жүзге сайраған.

Зер салсам Мағжан сөзіне,

Аңқып тұр талай азалы үн.

Өз қолың жетсе өзіңе,

Тіліңді қорға, қазағым-

деп Хажымуханқызы Аяулым тақырыптық қойылымды қорытындылады. Сондай-ақ Алмас Темірбайдың тәрбиелік мәні зор келешегі көркем, жарқын, ынталы жастарымызға арналған «Қазақ жастары» әнін «Бала дауысы» конкурсының қатысушы Ташмаканова Асель мен Хажымуханқызы Аяулым әуелетіп орындап, мың бұралған биші қыздарымыз Болат Даяна мен Ақтай Елдана мерекелік көріністің нүктесін қойды. Бұл слеттен оқушылар жақсы әсер алды деп ойлаймын.

Гүлнар БОЛАТОВА, Самал ЕСМУХАНОВА,

Тайынша №5 орта мектебі.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ – МЕМЛЕКЕТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Қазақстанның тұрақты, кәсіби армиясы 1992 жылғы 7 мамырда ел Президентінің «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығымен құрылды. Кейін армияны жасақтау, білікті офицер-кадрлар жинау, Қарулы Күштерді қару-жарақпен, ұрыс техникасымен қамтамасыз ету, отандық қорғаныс өнеркәсібі кешенін дағдарыстан шығарып, дамыту тәрізді көптеген мәселелер шешілді.

Атап айтқанда, 100 метрге және 3 км-ге жүгіру, белтемірге тартылу және басқа да сынақтар. Сонымен қатар, үміткерлер психологиялық тестілеуден өтіп, дәрігерлік-медициналық комиссияның сараптамасын алуы тиіс. Қазіргі таңда әскери іске деген дайындықтан кем дегенде бір айдың ішінде өтіп, Отанды қорғауға ниет білдірген азаматтар үшін балама әдіс қарастырылған. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан

Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес ҚР Қорғаныс министрлігінің "Әскери-техникалық мектептер" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының мамандандырылған ұйымдарында — филиалдарында өтеулі негізде азаматтарды әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша даярлау жүргізіледі. Биыл көктемде Тайынша ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен ҚР ҰҚК Шекара қызметі, десанттық-шабуылдау әскерлері, Әуе қорғанысы күштері, Құрлық әскерлері, Төтенше жағдайлар министрлігінің бөлімдері және ҚР Ұлттық ұланының бөлімдері бойынша 80-нен астам азамат етеді, командирлерден алғыс алып, Құрмет грамоталарымен марапатталып жатады. Басым бөлігі әскери дайындықтағы жақсы көрсеткіштері үшін үйлеріне демалысқа келіп, көтермелер алып тұрады. Болашақ жауынгерлерді Отанын сүйетін өз елінің нағыз патриоты болуға тәрбиелеу отбасынан, мектеп қабырғасынан басталады. Елімізде мемлекеттік мерекелердің қарсаңында оқушылар мен әскерге шақырылушылардың қоғам қайраткерлерімен, әскери қызметшілермен және Қарулы Күштердің ардагерлерімен кездесулері дәстүрлі түрде ұйымдастырылып тұрады. Олардың қатарында Ауған соғысына қатысқан, БҰҰ бітімгершілік миссияларының құрамында отты нүктелерде қызмет еткен адамдар да бар. Республикалық «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері аға буынның дәстүрін құрметтеп өсіп келеді. Бүгінде бұл ұйымның қатарында 200 мыңнан астам ұл-қыз бар. Жыл сайын солар үшін «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жиыны өткізіліп тұрады. Онда балалар өздерінің зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, дене дайындықтарын көрсете алады. Патриоттық тәрбие беру бағытындағы бұл жұмыстар тоқтаусыз жүргізіледі. Биылғы жылы да 7 мамырда Қарулы күштердің 30 жылдық мерекесі ауданымызда ерекше аталып өтті. Әскери қызметкер құрметті де мәртебелі мамандық деп саналады. Мереке күні аудан орталығында өткен әскери шеруден кейін, аудан әкімі атаулы мерекемен әскери қызметкерлерді, жиналған тайыншалықтарды құттықтап, жоғары марапаттар табыстады. Мерекелік ән-жыр, патриоттық әндер мен жас жеткіншектердің әскери жаттығулары көпшілікке мол әсер қалдырды.

Биыл Қазақстан Қарулы Күштеріне 30 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында төл әскеріміздің жаңа келбеті қалыптасты.



Жалпы, еліміздің Қарулы Күштері үнемі реформаланып, жетілдіріліп отырады. Аумақтық қолбасшылықтар, бригада үлгісінде жасақталған әскери құрылым, арнайы мақсаттағы күштер, жалпы қазақ армиясы XXI ғасыр талаптарына сәйкес дамып келеді. Осы ретте әскери-патриоттық жұмыстың алар орны ерекше. Бүгінгі таңда әскерге шын ниетімен Отанға қызмет еткісі келетін жастар көп келеді. Бұл патриоттық шаралардың маңыздылығын дәлелдеп отыр. Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев әскердің даму көкжиегін, еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің жаңа тетіктерін атап



өтті. Мемлекет басшысы мемлекеттің тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын сақтауға бағытталған іс-қимылдардың сапасын ұдайы арттыруды талап ете отырып, жаңа міндеттер жүктеп отыр. Бұл өз кезегінде Қарулы күштеріміздің – еліміздің әскери қауіпсіздігінің сенімді кепілі болатын жаңа армиямыздың қарышты дамуын қамтамасыз етеді. Жалпы Қазақстан Республикасының Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңнамасы армиядағы қызметтің екі түрін айқындап көрсетеді. Бұл міндетті түрдегі келісімшарт бойынша шақыру қызметі. Аталған мерзімді әскери қызмет бір жылға созылады және қызмет аяқталғаннан кейін сіз әскери мансапты жалғастыра аласыз, яғни келісімшарт бойынша қызмет ете аласыз. Алайда, келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру үшін белгілі бір талаптарға жауап беру қажет. Келісімшарт бойынша әскери қызметке тұру кезінде үміткерлер дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсырады.



мерзімді әскери қызметке шақырылуға жатады. Қазіргі таңда 20-ға жуық тайыншалық ҚР ҰҚК Шекара қызметі, десанттық-шабуылдау әскерлері, Әуе қорғанысы күштері, Құрлық әскерлеріне шақырылды. Маусым айының соңына дейін Төтенше жағдайлар министрлігі мен ҚР Ұлттық ұлан қатарына шақыру жалғасатын болады. Жалпы әскер қатарына шақырылған тайыншалық азаматтар армияда лайықты қызмет

Егемен елмен бірге еңсерген ордалы отыз жыл жетістіксіз емес. Әскери қызметкерлер, Отан қорғаушылар Тәуелсіз еліміздің сенімді тірегі!

А. Е. Мұхамбетов,
Тайынша ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник.

БАР МЕЙІРІМ - БАЛАЛАРҒА

Ағымдағы жылдың 31 мамырында Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында Тайынша қаласының № 4 орта мектебінде инклюзивті оқытуды қолдау кабинетінің мамандары, педагог-психолог С. В. Қузичкина және Б. Е. Айтпаева «Достық» әлеуметтік дағдыларын дамытуға тренинг өткізді.



Іс-шараға шақырылған қонақтар қатысты:
- аудандық мәслихат хатшысы С. М. Бекшенов;
- Тайынша КАА бас дәрігері, аудандық мәслихат депутаты Б. Латиф;
- ашылған сәттен бастап мектептің инклюзивті білім беруді қолдау кабинетін қолдайтын жеке кәсіпкер және меценат М. Қ. Сатанбекова;
- Тайынша ауданының БАҚ өкілдері.

Тренингке қатысушылар алдында мектеп директоры А.Б.Мұхаметғалиева, мектепте инклюзивті білім беруді басқаратын ОЖ бойынша орынбасары Қ. М. Жүкенова сөз сөйледі. Қорлан Мұқашқызы кабинет жұмысының динамикасымен және оның жетістіктерімен таныстырды. Одан әрі кабинет мамандары қызықты, дамытушы,

мазмұнды сабақ-тренинг өткізді, нәтижесінде оқушылар өздерінің жетістіктерін және білімдерін көрсетті.

Іс-шара соңында мәслихат хатшысы С. М. Бекшенов және жеке кәсіпкер М. Қ. Сатанбекова балаларды келе жатқан мерекемен құттықтады. Сәрсенбай Мұратұлы оқушылармен сабақ өткізу үшін инклюзия кабинетіне дамытатын ойыншықтар сыйласа, Майра Сатанбекова балаларға тәттілер сыйлады.



31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14 сәуірде жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы ҚР Заңы қабылданды.

31 мамыр – саяси саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жариялады. Бұл шара – жазықсыз жапа шегіп, қазақ елін егеменді ел етеміз деп еркіндікке ұмтылған ерлердің алдындағы борышты өтеуге, парызды ақтауға арналған жұмыстардың бастауы. Жалпы, зерттеушілер деректеріне сүйенсек, 1927-53 жылдары Қазақстан бойынша 125 мыңнан бастам адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 25 мыңы атылды. Осы қуғын сүргін жылдарында бүкіл елде 953 лагерь болған. Қазақстанда да 20-дан астам лагерь орналасқан. 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп белгіленген күннен бастап,

Қазақстанда Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні атап өтіледі. Бұл 1997 жылы еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен бекітілген ресми атаулы күн.

Қазақ халқы елдің генофондына орасан зор зиян келтірген қырғын ашаршылықтан аман өтті. Ұлттық шежіренің қаралы беттерінің бірі – саяси қуғын-сүргін оқиғалары.

Тайынша қаласындағы Достық алаңында 31 мамырға арналған еске алу шарасы өтті. Бірінші болып қала әкімі Валерий Шпаковский естелік сөзін жеткізді, содан кейін қуғын-сүргінге ұшыраған отбасының мүшесі, қалалық зейнеткер Зоя Баталовна Макаева сөз сөйлебі. Ресми бөлімді мешіттің бас имамы Зиятбек Наржігітов аяқтады.

Іс-шараның барлық қатысушыларына шөлпектер таратылды. Музыкалық нөмірлер орындалды.

МЕН БҮГІН ӘКЕМДІ АЙТЫП ТОЛҒАНАМЫН

Ұлы Отан соғысы ел басынан күнкіреп өткеніне қанша жыл өтсе де, оның жарасы мен жаңғырығы әлі күнге жанымызды ауыртып, жадымызда тұрады. Сол қанды қырғынның күзсі – жауынгер азаматтардың майдан даласынан жазылған хаттары, яғни аманат-мұрасы. Сол кезде жазылған хаттарда майдан мен тылдың, соғыста жаумен шайқасқан ерлер мен елдегі үлкен-кішінің жанқиярлық еңбегі сол сұрапыл кезеңнен сыр шертеді.




Суретте: Ортада әкем, сол жағында Кұлбағила анамыз, оң жағында Кташев Дулат ағамыздың анасы. Сурет 1947 жылы түсірілген.

Осыдан қаншама жыл бұрын жазылған осындай хаттың авторларының бірі – Ниязов Дүйсен. Сонау 1945 жылы наурыздың 26 жұлдызында жазған хаты қаншама сыр шертеді. ағасы Сүйіндіков Шығанбай мен оның жары Мафтухаға жазған хатында елге, туған-туыс, досқа деген сағынышымен қатар, жеңісті күнге деген құлшынысын, сенімін айтады. Мұның өзі ерлік емес пе?!

Әкем Ниязов Дүйсен 1917 жылы ауданымыздың Аймақ селолық округіне қарасты Ортақ ауылында дүниеге келген. 1938 жылы



Әкемнің госпитальдан Шығанбай ағасына жазған хаты (23/III-1945 ж.)



армия қатарына шақырылған ол алғашқыда Совет-фин соғысына қатысады. Ұлы Отан соғысы басталғаннан 1945 жылға дейін майдан даласында болады. 1945 жылы наурыз айында қатты жараланып, Грансфальдо қаласында госпитальде қатқанын кейін білдік. Жеңіс күнін әкем Берлин қаласында қарсы алып, 1946 жылы күзде елге қайтқан. Ұлы Отан соғысынан кейінгі бейбіт өмірде әкем еңбек етіп, еліне елеулі азамат болды. Ұлы Отан соғысының жүрекке салған жарасы жазылмады десе де болады. Өйткені сол соғыстың зардабынан 1951 жылы күзде әкем өмірден озды. Әке, сенің ерлік істерің, шыдамдылығың, қайсарлығың жүрегімізде мәңгі сақталады.

Қызы Халима Дүйсенқызы Ниязова, білім беру саласының ардагері

«АДАМНЫҢ БІР ҚЫЗЫҒЫ - БАЛА ДЕГЕН...»

Қазақ «Үлкеннің мыңына бергенше, баланың біріне бер», - дейді. Бала бергеніңді бағалайды. Сүйкімді жүзімен, былдырлаған тілімен жүректі баурайды. Мейірім сыйлайды. Осыны ескерген дана қазақ сәби сүйгендерге «ұзағынан сүйіндірсін» деп бата берген. Баланы қорғау - келешегімізді

басталады», - деп дана халқымыз бекер айтпаған болар! Оларға берілген өнегенің көрінісі – бүгінгі қоғам мен елдің келбеті. Олай болса, ұрпақ тәрбиелеу жолында балақайларымызға заманға сай білім, тәлім-тәрбие беру жолында тынымсыз еңбек етіп, олардың құқығын қорғау,



қолдау басты міндеттің бірі екенін естен шығармайық.

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні!

Қымбатты кішкентай бүлдіршіндер, жас жеткіншектер! Сіздерді жаздың басты мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Балалардың құқықтарын, өмірі мен денсаулығын қорғау, оларды өз халқының озық дәстүрлерінде тәрбиелеу тек біздің еліміздің ғана емес, бүкіл әлем мемлекеттерінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Демек, балаларды қорғау күні тек мереке ғана емес, бұл болашаққа бағытты айқындайтын, болашақ ұрпақтың бақытты өмір сүруіне мүмкіндік беретін айтулы оқиға. Аудан әкімінің қатысуымен өткен осынау мереке күні аудан орталығындағы «Достық» алаңында ерекше аталып өтті. Аудан әкімі Руслан Әкімжанұлы Аңбаев барша бүлдіршіндерді мерекемен құттықтап, сәттілік тілеп, барша балалардың жазғы демалыстары жақсы



қорғау. Әрбірінің өз отбасында жарқын өмір сүруі – болашағымызға салынған инвестиция.

Бар мейірім - балаларға... Өмірдің мәні де, сәні де, қызығы да – бала. Еліміздің ертеңі, өркені де – бала. «Отан отбасынан



өтулеріне тілегін білдірді!

Мерекенің салтанатты бөлігін әр жастағы балалардың шеруі ашты. Әндер мен билер мерекенің ажарын аша түсті. Мереке күнінің ең бастысы, әрине, біздің ақылды, әдемі және өнерлі жас жеткіншектер болды!

Құрметті және сүйікті балапандар! Мерекелеріңіз құтты болсын! Аспандарыңыз ашық болып, барлықтарыңызға бейбіт өмір, бақытты балалық шақ, қуанышты күндер мен жарқын болашақ тілейміз!

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Адамның өмірінде «дос» деген ұғым бар.

Жынысыңды, тегіңді,

туысыңды Алла тағала маңдайыңа

жазып берген екен, ал

дос пен жар таңдауды адамның

өз қалауына қалдырған.

Әрбіреуіміздің өмірімізде талай

достар кездесті. Балалық шақ, мектеп,

студенттік кезең - бәрімізге достар ұсына білді.

Бір досыңа сырынды ақтарсаң, енді біреуімен

рухани дүниеңді байытасың.

Осының ішінде балалық шақтан бергі достың орны бөлек екен. Сондай достардың бірі –

Едіге Өтегенұлы Шаймерденов

болатын. Ол – қиялшыл, арманшыл жан еді.

Талай сырларымызбен бөлісіп, ал ауылда айлы

түндерде жұлдыздарға қарап, әлемнің құпиясын

өзімізше ашып қиялға ерік беретінбіз. Жүректе

жасырын сыр жатпайтындай бір-бірімізге адал дос

болдық. Зымыраған уақыт-ай десеңізші. Досым,

жерлесім өмірден ерте озды. Артында қаншама

армандары мен алға қойған мақсаттары қалды.

Ағайын-туыс, зар илеп, жылап отбасы, ұрпағы қала берді.

Содан бері де 10 жыл өтті. «Орнында бар, оңалар», - деген сөз бар, иә ұрпақ өсіп жетілер, бірақ

Әке орнын, бауырдың орнын кім толтырар.. Өкінішті.

Ол жүрген жерінде көңілді, әр ісіне тиянақты азамат еді.

Өзі тұрған бөлімшеде басшы, отбасында ардақты әке, аяулы жар, туған-туысқа

бауырмал болғаны, әлі есімізде... Мал дәрігері болып еңбек етті.

Енді міне, осының бәрі артта қалды. Артында қалған ағайыны мен достары сағынышпен еске аламыз.

Мәңгілік есіміздесің, жан досымыз! Алла о дүниенің жақсылығын берсін, Иманды бол.

Басыңа бардық, құлыптас сенің мәңгілік кеткен айғағың.

Көк тасың өрлеп қарға адым жерден, қоршап-ап жатыр аймағын.

Қара жер көрпе ұсынып жатса, құдайдың ісі деген бар, Сондықтан достым, не шара бізде, жәннәтта болсын жас жаның!

Сағынышпен еске алушы достарының атынан: Самиғолла Махметжанов.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тайынша ветеринарлық станциясында іс жүргізуші, ИӨС деректер базасының операторы, жүргізушінің бос жұмыс орны бар. Қосымша ақпарат үшін тел. 23-7-88

В Тайыншинскую ветеринарную станцию ТРЕБУЮТСЯ: делопроизводитель, оператор базы данных ИСЖ, водитель. тел. 23-7-88

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Талсырыс 186. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715 36) 23-8-51

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.